

Басқұдық ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 25 маусымдағы № 1 "Көшелерге атау беру туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы Басқұдық ауылдық округінің әкімінің 2017 жылғы 31 наурыздағы № 3 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 13 сәуірде № 5438 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 9 ақпандағы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңына сәйкес, Басқұдық ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Басқұдық ауылдық округі әкімінің қазақ тіліндегі 2008 жылғы 25 маусымдағы № 1 "Көшелерге атау беру туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3-2-54 тіркелген, 2008 жылғы 21 тамыздағы "Жаңалық жаршысы" газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгеріс енгізілсін:

қазақ тіліндегі шешімнің кіріспесіндегі "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" сөздері "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" сөздерімен ауыстырылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Басқұдық ауылдық
округінің әкімі*

А.Киялов